# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 90 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 желтоқсан N 90г

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 90 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 034 "Орта кәсіптік білім мекемелері" "Жас ұлан" республикалық мектебі" деген кіші бағдарлама кестесінің 5 және 6-бағандары мынадай мазмұндағы 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20 және 21-тармақтармен толықтырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "10. | Заттай мүлік үлестерін, дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы басқа да құралдарды, шаруашылық, кеңсе және тауардың бір бірлігі үшін құны 40 ең төменгі есептік көрсеткіштен аспайтын басқа да тауарларды сатып алу | жыл бойы |
| 11. | Ғимараттарды жылыту үшін отын, қосалқы бөлшектер сатып алу | жыл бойы |
| 12. | 4 компьютер сатып алу | жыл бойы |
| 13. | Өрт күзеті дабыл қаққышын орнату | жыл бойы |
| 14. | Байланыс қызметіне және оқушыларды каникулға шығу демалысы орындарына тасымалдау жөніндегі көліктік қызметтерге ақы төлеу | жыл бойы |
| 15. | Оқу кабинеттерін, көрнекі үгіт құралдарын, тестілеуді безендендіру, бланкілік және полиграфия өнімдерін дайындау жөніндегі қызмет көрсетулерге ақы төлеу | жыл бойы |
| 16. | Мәдени-ағарту іс-шараларын ұйымдастыру | жыл бойы |
| 17. | Оқушыларды тамақтандыруға байланысты қызмет көрсетулерді ұйымдастыру | жыл бойы |
| 18. | Жабдықтарды жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету | жыл бойы |
| 19. | Ғимаратты дезинфекциялау жөніндегі қызмет | жыл бойы |

көрсетулерге ақы төлеу
20. Мерзімді басылымдарға жазылу жыл бойы
21. Негізгі құралдарды (тұрғын үй) сатып алу жыл бойы";

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 034 "Жоғары білім мекемелері" деген кіші бағдарлама кестесінің 5 және 6-бағандары мынадай мазмұндағы 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55 және 56-тармақтармен толықтырылсын:

"49. Жоғары оқу орындарындағы оқу-материалдық базаны жетілдіру жыл бойы
50. Оқу орындарындағы жауынгерлік даярлықты қолдау үшін авто, броньды және инженерлік техникаға жабдықтар, қосалқы бөлшектер сатып алу жыл бойы
51. Оқу орындарындағы материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қоймаларда, қару-жарақ бөлмелерінде, кабинеттерде және сыныптарда өрт-күзет дабыл қаққыштарын қайта жабдықтау және орнату жыл бойы
52. Оқу орындарында тәрбие жұмыстарын өткізу үшін мәдени-ағарту қорларын сахна костюмдерімен, музыкалық аспаптармен, теледидар, бейне, музыкалық техникамен толықтыру үшін сатып алу жыл бойы
53. 43 бірлік компьютер, 9 бірлік принтер, 5 бірлік көшіру-көбейту аппараттарын сатып алу жыл бойы
54. Оқу процесін қамтамасыз ету үшін арнайы, спорттық заттар және басқа да мүлікті сатып алу жыл бойы
55. Қызметтік үй-жайлар үшін стендтер, оқу құралдарын, сондай-ақ басқа да жабдықтар мен жиһаздар дайындау және сатып алу жыл бойы
56. Заңнамада белгіленген тәртіппен оқу орындарындағы тіршілік пен оқу процесін қолдау үшін оқу корпустарына, казармалық қорға және басқа да үй-жайларға, полигон жабдықтарына ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу жыл бойы";

3) көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-

тармақтың 044 "Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін емдеу жөніндегі мекемелер" деген кіші бағдарлама кестесінің 5 және 6-бағандары мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

7. Ғимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеу жыл бойы
8. Дабыл қаққышты монтаждау және оған сервистік қызмет көрсету жыл бойы";

4) көрсетілген қаулыға 12-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 040 "Жауынгерлік даярлықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар" деген кіші бағдарлама кестесінің 5 және 6-бағандары мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

7. Бөлімдер мен құрамалар жауынгерлік даярлығының оқу-материалдық базасын жетілдіру үшін техникалық оқу құралдарын, баспахана жабдықтарын сатып алу 2002 жылдың 3-4 тоқсаны";

5) көрсетілген қаулыға 13-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың:

041 "Қарулы Күштердің инфрақұрылымы тіршілік әрекетінің негізгі функцияларын қамтамасыз ету" деген кіші бағдарлама кестесінің 5-бағанының 3-тармағы:

"сатып алуға" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ отынды қабылдау, тиеп түсіру, сақтау және тасымалдау бойынша қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөнінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

11. Жиһаздар, казарма мүкәммалы мен сейфтер сатып алу жыл бойы";

6) көрсетілген қаулыға 15-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

031 "Әскери бөлімдерді ұстау" деген кіші бағдарламаның 5 және 6-бағандары мынадай мазмұндағы 14, 15 және 16-тармақтармен толықтырылсын:

"14. Әдебиет сатып алу жыл бойы
15. Шағын автобустар (13 орынды) сатып алу - 6 дана жыл бойы
16. Шкода "Октавия" автомобильдерін сатып алу - 20 дана жыл бойы";

032 "Әскери бөлімдерді тасымалдаумен қамтамасыз ету" деген кіші бағдарламаның 6-бағанындағы "2002 жылдың 1 жарты жылдығы" деген сөздер "жыл бойы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) көрсетілген қаулыға 18-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

2-тармақтың 5-бағанында:

"МИ-8 МТВ-5 тікұшақтарымен" деген сөздер "МИ-17 В5 тікұшақтарымен және ұшу мен жер беті құрамын "Қазан тікұшақ зауыты" ААҚ-тың оқу орталығында оқытқаны үшін қызметтерге ақы төлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Урал 4320-10, жүк автомобильдерімен - 14 дана" деген сөздер "Урал, жүк автомобильдерімен - 34 дана" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Урал 4320-10, жүк автомобильдерімен - 14 дана" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"- УАЗ - 2206 - 20 дана;
- ВАЗ - 21213 - 38 дана;
- Автобус (40 - 60 орынды) - 2 дана";

"П 198 М телефонды коммутаторы - 3 дана" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"- дыбысы қатты конференциялық байланыс жүйесі - 1 т-ж;
- дыбысы қатты хабарлау жүйесі - 1 т-ж;
- "Айком" радиостанциясы - 1 дана;
- "Эриксон" АТС - 1 дана".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК